



Қазақстан Республикасының Омбы қаласындағы (Ресей Федерациясы) Консулдығын ашу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 сәуірдегі N 294 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Омбы қаласында (Ресей Федерациясы) Қазақстан Республикасының Консулдығы ашылсын.
2. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі